

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 2489 Заң күші бар Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес, қолданылып жүрген заңдарды "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығына сәйкестендіру қажеттігіне байланысты, сондай-ақ кейбір заң актілері нормаларының араларындағы қайшылықтарды жою мақсатында қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ ССР-інің 1980 жылғы 13 қарашадағы Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің адвокатурасы туралы Ережені (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1980 ж., N 48, 189-құжат; Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 382-құжат) 19-1-бабының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке адвокаттық кеңсе өз қызметін жарғының не құрылтай шарт (құрылтайшылар біреуден артық болғанда) пен жарғының негізінде жүзеге асырады. Жеке адвокаттық кеңсе әділет органдарында тіркеуге жатады."

2. "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Қазақ ССР-інің 1990 жылғы 30 қарашадағы Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 49, 455-құжат; 1992 ж., N 6 116-құжат):

- 1) 6-баптың 3-тармағының алтыншы абзацы алынып тасталсын;
- 2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

Еркін экономикалық аймақтар аумағында орналасқан заңды тұлғалар әділет орындарында мемлекеттік тіркеуге жатады. Мемлекеттік тіркеудің тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады".

3. "Қазақ ССР-індегі тұтыну кооперациясы туралы" Қазақ ССР-інің 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 51, 485-құжат):

- 1) 3-бап мына мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұтыну қоғамдары мен тұтыну одақтары Қазақстан Республикасының заң актілері белгілеген тәртіппен тіркеледі";

2) 8-баптың алтыншы бөлігі алынып тасталсын.

4. "Қазақ ССР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" Қазақ ССР-інің 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1990 ж., N 51, 483-құжат) 10-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін мемлекеттік тіркеу"

Кәсіпкерлік қызметтің субъектілерін заңды тұлғалар ретінде мемлекеттік тіркеу әділет органдарында, ал жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу статистика органдарында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады".

5. "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақ ССР-інің 1991 жылғы 11 маусымдағы Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1991 ж., N 24, 283-құжат):

10, 18-баптар және 12-баптың бесінші абзацы алынып тасталсын.

6. "Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақ ССР-інің 1991 жылғы 27 маусымдағы Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1991 ж., N 27, 360-құжат):

1) 1-баптың екінші бөлігінен "жерлестіктер, қорлар" сөздері алынып тасталсын;

2) 7-бапта:

- баптың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қоғамдық бірлестіктердің мәртебесі";

бірінші бөлігіндегі "жалпыодақтық, республикалық" сөздері алынып тасталсын;

екінші, үшінші, төртінші және сегізінші бөліктер алынып тасталсын;

3) 8-баптың екінші бөлігіндегі "жарғыларын" сөзі алынып тасталсын;

4) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қоғамдық бірлестіктердің ассоциациялары

(одақтары)

Қазақстан Республикасында құрылған қоғамдық бірлестіктер өз еркімен ассоциацияларға (одақтарға) біріге алады.

Қоғамдық бірлестіктер ассоциацияларын (одақтарын) мемлекеттік тіркеу қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады";

5) 10-бапта:

екінші бөлігінде "бірлестіктердің" сөзі "бірлестіктерді" сөзімен алмастырылып, "коалициялық құрамасын (одағын, ассоциациясын және т.б.)" сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "оның жарғысын өкілетті мемлекеттік орган тіркеген кезден бастап" сөздері "ол Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен тіркелген сәттен бастап" сөздерімен алмастырылсын;

6) 11-бап:

бірінші бөлігіндегі "ССРО және" сөздері алынып тасталсын;

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

төртінші бөлігі үшінші бөлік болып саналсын;

7) 12-бапта:

- бірінші тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоғамдық бірлестіктің атауы, қызметінің мәні мен мақсаты, оның орналасқан жері";

8 тармақта "қызметінің" сөзінен кейін "қайта ұйымдастырылу" сөздерімен толықтырылсын;

8) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Қоғамдық бірлестікті тіркеу

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан республикалық, аймақтық қоғамдық бірлестіктерді тіркеуді, сондай-ақ халықаралық және шетелдік қоғамдық бірлестіктердің өкілдіктері мен филиалдарын есептік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті қоғамдық бірлестіктерді, сондай-ақ республикалық және аймақтық қоғамдық бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Қоғамдық бірлестіктерді тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде жүргізіледі. Осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа: жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференциясының) немесе жалпы жиналыстың хаттамасы; республикалық және аймақтық мәртебесі бар құрылымдық бөлімшелердің құрылғанын растайтын құжаттар; әрқайсысының мекенжайы көрсетіле отырып, бірлестікті құрудың бастамашысы болған азаматтардың және оның басшы органы мүшелерінің тізімдері ұсынылады.

Саяси партияларды тіркеу кезінде жоғарыда аталған құжаттардан басқа партияның бағдарламасы мен оның үш мың мүшесінің тізімі қоса беріледі.

Есептік тіркеу кезінде қоғамдық бірлестік бекіткен құрылымдық бөлімшелер туралы нотариалдық куәландырылған ережелерді ұсыну талап етіледі.

Мемлекеттік тіркеу мерзімі құрылтай құжаттарына сараптама жүргізген, саяси партиялар мүшелерінің тізіміне тексеру жүргізген жағдайларда, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң актілерінде көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылады";

9) 14-бап алынып тасталысын;

10) 15, 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қоғамдық бірлестікті тіркеуден бас тарту

Қоғамдық бірлестікті, оның құрылымдық бөлімшесін түркеуден заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң актілерінде көзделген негіздер бойынша ғана бас тартуға болады.

Тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағымдануға болады.

16-бап. Қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

Қоғамдық бірлестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі бойынша, оның жарғысы мен заң актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қайта ұйымдастырудан кейін жаңадан құрылған қоғамдық бірлестіктерді тіркеу осы Заңның 13-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоғамдық бірлестік:

- а) қоғамдық бірлестіктің жоғары органының шешімі бойынша;
- б) соттың шешімі бойынша таратылады.

Қоғамдық бірлестікті таратудың қоғамдық бірлестіктің жоғары органы немесе сот тағайындайтын арнайы тарату комиссиясы азаматтық заңдарда көзделген тәртіппен жүргізеді. Жарғысында көзделген органның шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі оның жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады";

11) 23-баптың бірінші бөлігіндегі "Қоғамдық бірлестіктің жарғысын тіркеген мемлекеттік орган" сөздері "Қоғамдық бірлестікті тіркеген әділет органы" сөздерімен алмастырылсын;

12) 24-бапта:

бірінші бөлігіндегі "ССРО және" сөздері алынып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "қоғамдық бірлестіктің жарғысын" сөздері "қоғамдық бірлестікті" сөздерімен алмастырылсын;

төртінші бөліктегі "жарғыны" сөзі "оны" сөзімен "екіден бес мың сомға дейінгі мөлшерде" сөздері "бестен онға дейінгі ең төменгі жалақы мөлшерінде" сөздерімен алмастырылсын;

13) 25-бап алынып тасталсын;

14) 27-бапта "ССРО-ның немесе" сөздері алынып тасталсын.

7. "Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991 ж., N 28, 390-құжат):

1) 8-бапта:

баптың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Бұқаралық ақпарат құралы мекемесін тіркеу

бірінші бөліктегі "тиісті бұқаралық хабарлама құралын тіркеткеннен" сөздері " заңды тұлға ретінде әділет органдарында тіркелгеннен" сөздерімен алмастырылсын;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Редакцияны және бұқаралық ақпарат шығаруды жүзеге асыратын өзге де мекемелерді тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысанда өтініш беріледі. Оған республиканың заң актілеріне сәйкес құрылтай және басқа да құжаттар қоса беріледі";

үшінші және төртінші бөліктер алынып тасталсын;

бесінші және алтыншы бөліктер тиісінше үшінші және төртінші бөліктер болып саналсын.

2) 9-бапта:

атауындағы "құралын" сөзі "құралы" сөзімен және бірінші бөлігіндегі "құралын" сөзі "құралы" сөзімен алмастырылып, олардан кейін "мекемелері" сөзімен толықтырылсын;

екінші бөлігі алынып тасталсын;

3) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Мемлекеттік тіркеуге ақы төлеу

Бұқаралық ақпарат құралы мекемесін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде алым алынады";

4) 13-бапта:

алтыншы бөлігіндегі "халық депутаттары Советтерінің" сөздері алынып тасталсын және "құралдарын тіркеу органдарының" сөздері "құралдары мекемелерін тіркеу органдарының" сөздерімен алмастырылсын.

Жетінші бөлігінде "ССРО Конституциясының" сөздері алынып тасталсын;

5) 14-бапта:

атауында, бірінші және екінші бөлігінде "құралын" сөзі "құралы мекемесін" сөздерімен алмастырылсын;

6) 14-1 баптағы "құралдарын" сөздері "құралдары мекемелерін" сөздерімен алмастырылсын.

8. "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 27, 349-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 218-құжат) 17-бабы алынып тасталсын.

9. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат):

1) 7-баптың үшінші бөлігіндегі "тіркелген" сөзі алынып тасталсын;

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Діни бірлестіктің жарғысы (ережесі)

"Діни бірлестік өз қызметін жарғының (ереженің) негізінде жүзеге асырады, онда мыналар:

- діни бірлестіктің атауы, орналасқан жері және шегінде ол өз қызметін жүргізетін аумақ;

- ұстанатын діні, қызметінің мәні мен мақсаты;

- діни бірлестіктің құрылымы, қалыптасу тәртібі, оның басқару органдарының құзыры мен өкілеттігінің мерзімі;

- діни бірлестіктің құқықтары мен міндеттері;

- діни бірлестік мүлкінің құралу тәртібі;

- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі;

- діни бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі болуға тиіс.

Діни бірлестіктің жарғысында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін ережелер болмауға тиіс";

3) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Діни бірлестіктерді тіркеу

Діни бірлестікті кемінде кәмелетке толған 10 азаматтың бастамашылығымен құрылады. Бұл үшін олар жиналыс шақырады, онда жарғы (ереже) қабылдайды.

Діни бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтық қабілетіне ие болады.

Республиканың екі немесе одан да көп облыстарының аумағында қимыл жасайтын діни басқармаларды (орталықтарды), бірлестіктерді, сондай-ақ олар құратын діни оқу орындарын, монастырьларды және басқа да бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік және есептік тіркеу, қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеу мерзімі дінтану және өзге сараптама жүргізу, сондай-ақ діни бірлестік берген құжаттар бойынша маманның қорытындысын алу қажет болғанда тоқтатыла тұрады".

4) 10-бап алынып тасталсын;

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Діни бірлестікті тарату

Діни бірлестік азаматтық заңдарда көзделген тәртіп пен негіздерде таратылады";

6) 14-бапта:

бірінші бөліктегі "ассоциациялары мен" және "қоғамдық бірлестіктер үшін белгіленген тәртіппен тіркелетін" сөздері алынып тасталсын;

мына мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Діни бірлестіктер ерікті түрде ассоциацияларға (одақтарға) біріге алады";

екінші және үшінші бөліктер тиісінше үшінші және төртінші бөліктер болып саналсын;

7) 19-бапта:

баптың атауы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Таратылған діни бірлестіктің мүлкіне иелік ету

Діни бірлестік таратылған ретте оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына (ережесіне) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады".

10. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 маусымдағы Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат);

1) 5-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңдық реттеу жолымен жеке кәсіпкерлік қызмет субъектілерін бір тіркеуші органда бірыңғай тіркеу тәртібін белгілеу";

2) 8-баптың 1, 3, 4, 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке кәсіпкер заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай, жүзеге асыратын азаматтарды мемлекеттік тіркеу оның өзінің келіп тіркелуі сипатында жүргізіледі және оны аудандық (қалалық) статистика органдарында жеке кәсіпкер ретінде есепке алуға саяды";

"3. Ұсынылған құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмегенде немесе заңды тұлға құрудың заңмен белгіленген тәртібі бұзылғанда ғана мемлекеттік тіркеуден бас тартуға болады. Кәсіпкерлік қызмет субъектісін тіркеуден бас тартқан жағдайда тіркеуші орган өтініш берілген күннен бастап 15 күн ішінде оған заңның бұзылғандығы көрсетілген жазбаша түрдегі дәлелді бас тарту берге міндетті;

4. Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асырып отырған азаматтар мемлекеттік тіркеуден:

- шаруа (фермер) шаруашылығының құрамында болса;

- мердігерлік шарттың өзге де азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде біржолғы жұмыстарды орындайтын болса;

- көтерме және бөлшек сауда желісінен тыс өздеріне тиесілі мүлікті, сондай-ақ сырттан әкелінген өнеркәсіп және азық-түлік тауарларын қоса алғанда, өндірілген, ұқсатылған, сатып алынған өнімдерін бұл үшін арнайы бөлінген орындарда немесе комиссиялық дүкендер арқылы сатумен айналысатын болса;

- жұмыс пен қызмет көрсетуді іске асырудан алатын түсімі жылына ең төменгі жиырма жалақыдан аспайтын болса босатылады.

Салық төлеушілер ретінде аталған азаматтарды есепке алу және оларға салық салудың тәртібі салық заңдарына сәйкес жүргізіледі";

"6. Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай, жүзеге асырушы азаматтар сатып алған патенттерінің негізінде жұмыс істейді. Патент сонымен қатар азаматтың кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелуден өткендігінің куәлігі әрі патентте көзделген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия болып табылады. Патенттерді беру тәртібі мен патенттік алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды"

3) 9-бап, мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі

1. Жеке кәсіпкердің заңды тұлға ретінде тіркелуі үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысанда өтініш беріледі және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

2. Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асырушы азамат, егер ол тіркелуге тиіс болса, онда статистика органдарына белгіленген үлгідегі тіркеу карточкасын береді.

Тіркеу карточкасында: тегі, аты, әкесінің аты; туған жылы мен жері; жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (құжаттың сериясы, нөмірі, кімнің және қашан бергені); тұрғын жері; кәсіпкерлік қызметінің түрі; егер өндірістік үй-жайы бар болса - оның орналасқан жері көрсетіледі.

Карточкаға азамат қолын қояды, оның қойған қолы нотариалдық тәртіппен куәландырылады.

3. Өтінішінде немесе тіркеу карточкасында көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, кәсіпкер оған өзгерту енгізуге міндетті;

4) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру

1. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік кәсіпкер заңды тұлғаға өтініш пен оған қажетті құжаттарды өткізген кезден бастап 15 күннің ішінде беріледі.

Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай, жүзеге асыратын азаматты тіркеу ол тіркеу карточкасын берген кезден бастап 10 күннің ішінде жүргізілуге тиіс.

2. Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің дубликаты (тіркеу куәлігі) берілгені үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мөлшерде алым алынады".

5) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мемлекеттік тіркеу туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген жеке кәсіпкерлікке, егер заң актілерінде басқаша көзделмесе, жол берілмейді. Мемлекеттік тіркеуден өтпеген қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне алынады.

2. Кәсіпкердің заңдарда белгіленген тәртіппен қайта тіркелуін талап ететін деректердің өзгергені туралы мәліметтердің бір ай мерзім ішінде берілмеуі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауаптылыққа әкеліп соғады.

3. Егер кәсіпкер белгіленген мерзімде тіркелмесе немесе оны тіркеуден бас тартылған болса, онда ол тіркеуші органның орналасқан жері бойынша сотқа шағымдануға хақылы.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тіркеуден заңсыз бас тартқан жағдайда, өтініш беруші өзінің шеккен зиянын сот тәртібімен өндіріп берілуін талап етуге хақылы".

11. "Кәсіптік одақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 200-күжат);

1) 8-бапта:

үшінші бөлікте "оның жарғысы" сөзі "ол" сөзімен алмастырылсын;

төртінші бөліктегі "жарғыларды (өзге де негізгі құжаттарды)" сөздері "кәсіптік одақтары" сөздерімен алмастырылсын";

2) 24-баптың бірінші бөлігінен "және олардың органдары" сөздері алынып тасталсын.

12. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (жалпы бөлімі):

1) 106-баптың бірінші тармағында:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктер болып, саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері танылады";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

2) 107-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

3) 109-бапта:

2-тармақтағы "тіркелген" сөзі алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикадан тыс жерлерде басқару орталықтары бар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер әділет органдарында тіркеуге жатады. Басқару орталықтарының жарғылары (ережелері), егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, осындай діни бірлестіктер жарғыларының (ережелерінің) негізіне алынуы мүмкін";

5-тармақта "тәртіп тіркелетін" сөздері "тәртіппен тіркеледі және" сөздерімен алмастырылсын;

7-тармақ "діни" сөзінің алдынан "өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес" сөздерімен толықтырылсын.

13. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Заң күші бар Жарлығында :

1) 2-баптың соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттан басқасын) мүдделі адамдарға уағдаластық шарттар бойынша өткізу мақсатында жүзеге асырылады";

2) 6-бапта:

бесінші бөліктегі "нотариалдық куәландырылған" сөздері алынып тасталсын;

бап мынадай мазмұндағы жаңа жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғамдық және діни бірлестіктерді тіркеу арнаулы заң актілерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Жарлықтың осы бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады";

жетінші және сегізінші бөліктер тиісінше сегізінші және тоғызыншы бөліктер болып саналсын;

сегізінші бөлік "тіркеуші органға" деген сөздерден кейін "заңды тұлғаның, оның филиалы мен өкілдігінің орналасқан жерін куәландыратын құжат, сондай-ақ" сөздерімен толықтырылсын;

3) 9-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Толық емес құжаттар пакеті тапсырылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады";

4) 10-баптағы "заңды тұлғаны" сөздері "құрылған, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін" сөздерімен алмастырылсын;

5) 11-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлға құрудың заңда белгіленген тәртібі бұзылған немесе оның құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тартуға жол беріледі";

6) 12-баптың төртінші бөлігі алынып тасталсын.

II. "Қазақстан Республикасында шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеуді ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 24 қаңтардағы N 584 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 2, 27-құжат) күші жойылған деп танылсын.

III. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК